

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 1«А» сынып оқушыларымен
2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау**

Биылғы оқу жылында 1 «А» класына 22 оқушы қабылданды. Оның ері-13, қызы-9. Сыныптың әлеуметтік паспорты ата-аналардың қатысуымен жасақталды. Сынып бойынша 2 оқушы аз қамтылған, 12 оқушы көп балалы оқушылар қатарына жатады.

Тәрбие -дидактикалық жүйе. Жеке тұлғаның қалыптасуы -үздіксіз және күрделі процесс. Ата- бабамыз ұлды өздеріндей еңбексүйгіш, жауынгер, бесаспап етіп тәрбиелеуді мақсат етсе, қыз баланы инабаттылық сақтауға баулып, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие берген. Осы орайда жаңа оқу жылының басында балалардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітілді. Тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізілді. Қыркүйек айы Білім күні «Мектеп- мейірім мекені» атты тәрбие сағатымен басталды. Тоқсан бойы түрлі шаралар жоспарланды, уақытында өткізілді.

«Отбасы- бақыт мекені», «Спортты сүй, балақай!», «Бала құқығы туралы не білеміз?», «Менің ұстазым», «Кітап- білім бұлағы», «Бес нәрсеге асық бол...», «Менің Отаным- Қазақстан», «Әкеге- ізет, анаға- құрмет», «Теңгемізді қадірле», «Отбасылық дәстүрлер», «Денсаулық және дұрыс тамақтану», «Тәуелсіздік тұғырым!», «Рақмет саған, Әліппе», «Әжем айтқан ертегі, ертегі сыр шертеді», «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады», «Наурыз - жыл басы», «Ұлттық ойын -ұлт қазынасы», «Алғыс айту- парызым», «Табиғатты қорғайық!», «Ешкімде ешқашан ұмытылмайды», «Екіншіге барамын... Білімім- Отаныма» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Жолда жүру ережелерімен» таныстыру мақсатында полиция қызметкері түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар белгіленген тақырыптар толық таныстырылды. Өткізілген сабақтарда жолда жүру белгілері туралы сұрақтар, мақал-мәтелдер, ойындар ойнатылып, денсаулықтың ең қажетті байлық екені түсіндірілді. Оқушыларды жауапкершілікті сезініп, жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеп, дұрыс түсінік қалыптастырды.

Отбасы құндылығы, отбасындағы дәстүрлер туралы ата-аналарымен видеороликтер түсірді. Мерекелерге байланысты ұйымдастырылған мектепішілік шараларға, сурет көрмелеріне, пәндік сайыстарға белсене қатысып, марапаттарға ие болды. Сонымен қатар қашықтықтан облыстық, республикалық байқауларға да қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Балаларымен бірге тренингтер өткізілді, қызықты тапсырмалар орындады. Бала тәрбиесі туралы таныстырылымдар жасалып, ата – ана пікірі тыңдалды. Оқушылардың білімі, тоқсандық жылдық қорытынды бағалары туралы айтылды. Және де жазғы мектепке және мектепішілік лагерге қатыстырылу, жазғы каникул кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы ескертілді.

Ата-аналармен үнемі байланыс жасалып отырылады. Оқушылар өздеріне қойылған талаптарды үнемі орындап отырды. Осы оқу жылында кеткен кемшіліктер келесі оқу жылында қайталанбайтындай болуы керектігін ескеремін.

Сынып жетекшісі:



Манашова Ж.Қ.